

2009 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 152-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2009 жылғы 11 ақпанда N 2541 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275/1711/-МШ хатына сәйкес.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 495 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 5 тармағына сәйкес, облыстық мәслихат XI сессиясында **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия төлемақы ставкалары 1, 2, 3, 4, 5 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Шырдабаев) жүктелсін.

*Облыстық мәслихаттың
XI сессиясының төрағасы*

Облыстық мәслихат хатшысы

С. Лұқпанов

Ж. Дүйсенғалиев

Атырау облыстық мәслихатының 2009
жылғы 14 қаңтардағы N 152-IV шешіміне 1
қосымша

Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 киллограм үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3	4
1.	Күкірт тотықтары	20	

2.	Азот тотықтары	20	
3.	Шаң және күл	10	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	3968	
5.	Күкіртсутек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсутектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі тотықтары	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз (а) пирен		996,6

Ескертпе: Коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін осы N 1 қосымшада белгіленген төлемақы ставкаларына коэффициент 0,3 қолданылады'

Коэффициент қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерден тыс көлемі үшін төленетін төлемақыға қолданылмайды.

Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 152-IV шешіміне 2 қосымша Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 наурыздағы 166-IV шешіміне қосымша

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	44, 6
2.	Көміртегі тотықтары	14, 6
3.	Метан	0, 8
4.	Күкірт диоксиды	200
5.	Азот диоксиды	200
6.	Күл	240
7.	Күкірт сутегі	1240
8.	Меркаптан	199 320

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 2009.03.11 N 166-IV шешімімен.

**Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың
шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:**

Рет №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,48

**Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары
мыналарды құрайды:**

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	1340
2.	Мырыш	2 680
3.	Мыс	26 804
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

Ескертпе: Коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін осы N 4 қосымшада белгіленген төлемақы ставкаларына 0,43 коэффициенті қолданылады.

Коэффициент қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерден тыс көлемі үшін төленетін төлемақыға қолданылмайды.

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы
ставкалары мыналарды құрайды:**

Рет №	Қалдықтардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 гигабеккерель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,38	
1.2	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1	"қызыл" тізім	14	
1.2.2	"янтарь" тізім	8	
1.2.3	"жасыл" тізім	2	
1.2.4	жіктелмегендер	0,9	
1.3	Бұдан басқа:		
1.3.1	Аршынды жыныстар	0,004	
1.3.2	Жанас таужыныстары	0,026	
1.3.3	Байыту қалдықтары	0,02	
1.3.4	Шлактар, шламдар	0,038	
1.3.5	Күл мен күлшлактар	0,66	
1.3.6	Ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,018	
1.3.7	Техникалық және элементарлық күкірт	3,77	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1	Трансуранды		0,76
2.2	Альфа-радиоактивті		0,38
2.3	Бета-радиоактивті		0,04
2.4	Шынақты радиоактивті көздер		0,38

2 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда
мазмұндалсын;

Ескертпе:

1) Коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін
табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия

өндіруші ұйымдары үшін осы N 5 қосымшада 1.3.5-жолында белгіленген төлемақы ставкаларына 0,05 коэффициенті қолданылады.

2) Коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін осы N 5 қосымшада 1.1.-жолында белгіленген төлемақы ставкасына 0,2 коэффициенті қолданылады.

Коэффициент қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерден тыс көлемі үшін төленетін төлемақыға қолданылмайды.

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 2009.03.11 N 166-IV шешімімен.